

Қала халқын, қоршаған ортасы мен шаруашылық объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғаудың жағдайы және оны бұдан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Мәслихатының шешімі I сайланған XIV сессиясының 1997 жылғы 23 мамырдағы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 1998 жылғы 13 ақпанда N 9 тіркелді. Күші жойылды - III сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIII сессиясының 2006 жылғы 15 мамырдағы N 255 шешімімен

Алматы қалалық Мәслихаты қала әкімінің орынбасары, төтенше жағдайларды ескерту мен жою жөніндегі Алматы қалалық комиссиясының төрағасы Б.О. Сауранбаевтың баяндамасын тыңдап, талқылай келе қала және аудандар әкімдері аппараттары мен төтенше жағдайлар жөніндегі қалалық басқарманың және оның құрылымдық бөлімшелерінің Z960019_ "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы", Z970100_ "Азаматтық қорғаныс туралы", Z970087_ "Авариялық-құтқарушы қызметтер және құтқарушылар мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарында белгіленген халықты төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру жөнінде жұмыс жүргізіп келгендігін атап өтеді. Халық пен ұйымдарды болжанған және туындаған төтенше жағдайлардан, оларды ескерту мен жою бойынша жұмыс үнемі жетілдірілуде. Қала және аудандар авариялық-техника қызметтері тұрақты дайындық үстінде. Олардың тосын жағдайларға дайындығын көтеретін объектілік, командалық-штаттық және тактикалық арнаулы оқулықтар тұрақты өтеді.

Сонымен қатар қала халқы мен шаруашылық объектілерін қорғау жүйесінде кемшіліктер мен шешілмеген мәселелер бар.

Төтенше жағдайларды ескерту мен жоюдың мемлекеттік жүйесі сапалық жаңа режимге көшірілген жоқ. Республикалық бюджеттен жеткіліксіз қаржыландырудан мектептер мен ауруханалардың жер сілкінісіне қарсы қабілетін күшейту жөніндегі жұмыстар тоқтатылды. Ғимараттар мен тұрақжайлардың жер сілкінісіне қарсы қабілетін күшейту жөніндегі жұмысын ұйымдастырудың нарықтық түрлері ынталандырылмайды, осы мақсаттарға пәтер иелері кооперативтеріндегі халықтың жеке үй иелері қаражаттары тартылмайды. Жаңа құрылыс пен жаңаланған объектілерге тиісті бақылау жүргізілмейді. Өзен жиектеріндегі су қорғау аймақтарын бұзу жағдайлары кездеседі. Радиоактивті қалдықтарды көму, сондай-ақ улы заттарды сүзгілеудің үлгілік аймақтық

тұрағын салу мәселесі шешілген жоқ. Байланыс және халыққа хабарлау жүйесі қойылған талаптарға сай емес. Жедел қимылдау отрядтарын құру және оларды қазіргі құтқару құралдарымен жабдықтау бойынша тиісті шаралар қолданылмайды. Қаланың өртке қарсы және судан құтқару қызметтерін техникалық жарақтау қажеттілігі туып отыр. Қаланың Т.Ж. жағдайында материалдық-техникалық, азық-түліктік заттық және медициналық резервтерін құру мен нығайту мәселелерін шешу жаңа көзқарастарды қажет етеді. Ғимараттардың көпшілігі апатты жағдайда. Меншіктің санына қарамастан кәсіпорын, ұйым басшыларына, қала тұрғындарына "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының сөзсіз орындалуы үшін қажетті талап қойылмайды, прокуратура органдарының осы заңды орындауды бақылау мүмкіндіктері пайдаланылмайды.

Алматы қалалық Мәслихаты шешім қабылдады:

1. Қала әкімінің орынбасары, төтенше жағдайларды ескерту мен жою жөніндегі Алматы қалалық комиссиясының төрағасы Б.О.Сауранбаевтың "Қала халқын, қоршаған ортасы мен шаруашылық объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жағдайы және оны бұдан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" баяндамасы назарға алынсын.

2. "Алматы қаласында халықты, қоршаған орта мен шаруашылық объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғаудың сенімді жүйесі" бағдарламасын және "2000 жылға дейінгі мерзімде Алматы қаласының халқын, қоршаған ортасы мен шаруашылық объектілерін табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауды жетілдіру жөніндегі негізгі шаралар" атты ауқымды жоспар жасау мен жүзеге асыру жөніндегі шаралар кешені бекітілсін, N 1, 2 қосымша.

Төтенше жағдайларды ескерту және жою жөніндегі қалалық және аудандық комиссиялар оларды жүзеге асыру бойынша барлық қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Z960019_ , "Азаматтық қорғаныс туралы" Z970100_ туралы Заңдардың 28 және " Авариялық-құтқарушылық қызметтер және құтқарушылар мәртебесі туралы" Z970087_ Қазақстан Республикасы Заңдарының 15 бабына сәйкес 1998 жылғы қала бюджетін құрастыру кезінде төтенше жағдайларды ескерту мен жою және азаматтық қорғаныс бойынша шараларды қаржыландыру шығындарын жеке жолмен бөліп көрсету қарастырылсын.

4. Төтенше жағдайлар жөніндегі Алматы қалалық басқармасының қалалық бюджет құрамында төтенше жағдайларды ескерту мен жоюдың қоғамдық қорын

құру туралы ұсынысына қолдау көрсетілсін. Қордың қаржылық көздері ерікті садақа, демеушілік пен басқа да заңды түсімдер екендігі назарға алынсын. Қоғамдық қор қаражатын жасақтау мақсатында төтенше жағдайларды ескерту және жою жөніндегі комиссияға бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, осы қорды құрудың қажеттілігі туралы халық арасында түсінік жұмыстарын жүргізу, ал меншік нысанына қарамастан кәсіпорын мен ұйым басшыларына жыл сайын Азаматтық қорғаныстың бүкіл дүниежүзілік күні - 1 наурызда осы қорға қызметкерлердің бір күндік жалақысын аударып, еңбек шараларын өткізу ұсынылсын.

5. Аудан әкімдері "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының ХІҮ бабына сәйкес 10 адамға шаққанда кемінде бір құтқарушы ұстау бойынша Азаматтық қорғаныстың аумақтық құрылымдарын құру жөнінде қажетті ұйымдық жұмыстарды жүргізісін. Олардың кәсіби дайындығына, техникамен жарақтануына және ұдайы дайындықта болуына бақылау орнатылсын. Жергілікті бюджеттер есебінен 1997 жыл бойында 20 адам құрамында жедел әрекет отряды құрылып, жарақтандырылсын.

6. Қалалық білім басқармасы /Г.Е.Есімбаева/ жоғары оқу орындарының ректорлары "Тіршілік қауіпсіздігі" курсының сапасын түбегейлі жақсарту жөнінде пәрменді шаралар қабылдасын. Халықты оқытуды ұйымдастыруда төтенше жағдайларда адамдардың аман қалуының психологиялық қырларына, өзін өзі ұстау және ТЖ-дан қорғанудың ережелеріне, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету әдістеріне, ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын пайдалану ережелеріне баса назар аударылсын.

АҚ және ТЖ білімдерін насихаттау мақсатында дәріс, сұхбат өткізу, радио мен теледидарларда сөйлеу, жадынама, буклет, листовка шығару кеңінен пайдаланылсын.

7. Құрылыс, сәулет және аумақтарға құрылыс салу басқармасы /С.Қ. Баймағамбетов/ жер сілкінісіне қарсы құрылыс, ғимараттарды, тұрақжайлар мен жаңаланған объектілерді күшейту жөніндегі нормалардың сақталуына қатаң бақылау орнатсын. "Қазселденқорғау" ҚР ҰҚ бірлесе отырып /М.Т. Нұрланов/ өзен жиектеріндегі суды қорғау аймақтарының бұзылу жағдайларына тосқауыл қойсын.

8. Қала әкімшілігі мемлекеттік органдар жүйесін реформалау және басқару аппараттарын қысқарту барысында босаған сейсмикалық төзімді ғимараттарды оқу орындарының, ауруханалардың, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің пайдаланылуы үшін мүмкіндіктер қарастырылсын.

9. Өнеркәсіптегі және кеніштердегі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне бақылау, ТЖ ескерту және жою жөніндегі қалалық мемлекеттік инспекция /В.В.Оглов/ АҚТЖБ 1997 жылдың бойында кәсіпорындар, объектілер технология

мен өндірістің техникалық қауіпсіздігіне тексеріс, әбден тозған қондырғыларды техникалық жабдықтау, жаңалау, барлық хауіпті қопарғыш және өртке қарсы өндірістерді автоматты қауіпсіз приборлармен және авариядан қорғау құралдарымен қамтамасыз ету жөнінде жұмыстарды орындайтын болсын. 1997 жылдан бастап өндіріс объектілерінің қауіпсіздігінің декларациясын әзірлеп, е н г і з е т і н б о л с ы н .

Қала әкімшілігі тұрғын үйлердегі жергілікті газ тораптарын қамтамасыз ету жөніндегі меншіктерді анықтау жөнінде шаралар қабылдасын.

"Алматы Пауэр Консолидейтид" ЖАҚ халықты қорғаудың "Барьер" жүйесі бойынша жұмыстарды да аяқтасын.

10. Шаруашылық субъектілер мен ұйымдардың басшылары, меншіктің санына қарамастан, "Ғимараттар мен тұрақжайлардың сейсмикалық төзімділігін күшейтуді, сейсмикалық төзімді құрылыстың сапасын көтеруді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі Мемлекеттік Комитетінің 1997 жылғы 15 мамырдағы қаулысына сәйкес көп адам жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдарды, ыстық су - газ - энергия жабдықтау және байланыс объектілерін, өндіріс ғимараттарын бірінші кезекте күшейтуді қамтамасыз етсін, пәтер иелері кооперативтерінің күштерімен көп пәтерлі үйлердің сейсмикалық төзімділігін арттыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын.

11. Денсаулық сақтау басқармасы /О.Д. Дайырбеков/, сауда басқармасы /Е.Қ. Уандықов/ "Мұнайавтоматика" АҚ /А.О. Мамыров/ автокөлік құралдарының - жедел медициналық көмек автомашиналарының азық-түліктік, заттық, медициналық және басқа да ресурстардың мемлекеттік резервін құру, сондай-ақ оның ішінде ұйымдар мен меншіктің санына қарамастан олардың материалдық-техникалық ресурстарын төтенше жағдайды жою қорытындылары бойынша залалдарды өтеу кепілдігімен жұмылдыру туралы шарт жасау негізінде пәрменді шаралар қабылданын.

12. Санитарлық-эпидемиологиялық басқарма /М.А. Хасанова/ төтенше жағдайлар салдарын жою кезінде, сондай-ақ карантиндік және басқа да қауіпті инфекциялардың пайда болуы мен таралуы жағдайында санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы жұмыстың тиімділігін көрсетсін. "Суканал" АҚӨБ /Ш.Ш. Шардарбеков/ және "Қазмеханобр" МҒӨБ ӨЭ /А.Н.Клец/ "таза су" бағдарламасын жүзеге асыру шегінде таза су сапасын көтеру және осы мақсаттарға тазалағыштарды пайдалану бойынша нақты ұсыныстар әзірлесін.

"Қазмеханобр" МҒӨБ ӨЭ төтенше жағдайлар кезінде су тазалау үшін үш өндірістік қондырғыны әзірлеу үшін 1998 жылға қаражат бөлуді қарастырсын.

1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін рұқсатсыз үйінділерді жабу жөнінде шаралар қабылдау туралы СЭС, қала экология қызметтері міндеттеліп, бұл

жөнінде табиғат қорғау прокуратурасына ұсыныс жасалсын.

13. Ит ұстаушы клубтар басшылары үйінді астында қалып, зардап шеккен адамдарды іздеу-құтқару жұмыстарына жарамды иттерді арнайы дайындықтан өткізуге міндеттелсін. Құтқарушы иттер даярлауда тіркеу құжаттарының міндетті түрде болуы ескерілсін.

Қала әкімшілігі АҚ ТЖБ бірлесе отырып, жыл сайын осы жаттығу бойынша жарыстар өткізілсін.

14. "Атом энергиясын пайдалану туралы" Z970093_ Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Өкіметіне радиоактивтік және улы қалдықтарды жинау жөніндегі аймақтық орталықты құру қажеттігі және республикалық бюджеттен осы мақсаттар үшін қосымша қаражат бөлу туралы ұсыныс жасалсын. Қазақстан

Республикасы Үкіметіне жазылған хат мәтіні бекітілсін, беріліп отыр.

15. Осы шешімнің орындалуын қадағалау экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты депутаттық комиссияға жүктелсін /А.Н. Клец/ және оның орындалу барысы 1998 жылдың бірінші жартыжылдығында қарастырылсын.

I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының XIY сессиясының
төрағасы

I сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі Ә.М. Қажыгелдинге

Құрметті Әкежан Мағжанұлы!

Алматы қалалық мәслихатының XIY сессиясы "Алматы қаласының халқын, қоршаған ортасы мен шаруашылық объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғаудың жағдайы және оны бұдан әрі жетілдірудің шаралары туралы" мәселені қарады.

Қала және аудандар басқару органдарының ТЖ және АҚ құрамаларының, авариялық-техникалық және медициналық қызметтердің тұрақты дайындықта ұстау бағытындағы қызметі атап өтілді. Тосын жағдайлардағы іс-әрекеттерге әзірлікті көтеретін оқулар тұрақты өтеді. Халықты үйретуге, болжанған және туындаған төтенше жағдайлар, оларды ескерту мен жою жөніндегі қабылданған шаралар туралы олардың хабардар етілуіне баса назар аударылуда.

Қаланың өкілді және атқарушы органдарына жүктелген міндеттер жалпы

орындалуда, алайда, төтенше жағдайларды ескерту мен жоюдың Мемлекеттік жүйесінде елеулі кемшіліктер бар, олардың шешілуі қала әкімшілігіне байланысты емес.

"Алматы қаласында, Алматы және Талдықорған облыстарындағы ықтимал жер сілкінісінен болған залалды төмендету және оның салдарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1994 жылғы 10 желтоқсандағы N 1490 Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысында қарастырылған 150 млн. теңгенің бөлінбеуінен 54 мектептің, 68 бала-бақшасының және 29 аурухананың жер сілкінісіне қарсы қабілетін күшейту жөніндегі жұмыстары тоқтады. Көптеген тұрғын үй, қала мекемелері мен ұйымдарының ғимараттарының жағдайы да осындай. Сондай-ақ сейсмологиялық бақылаулар мен жер сілкінісін болжау жүйесіне ақша бөлінбейді, соның нәтижесінде сейсмостанцияларды жабдықтау мен олардың желілерін дамытуға қаражат бөлінбейді. Республикалық және қала бюджеттерінен қаржы түспеуі салдарынан "Алтеба" АҚТК 23,4 млн. теңге қарыз болып, байланыс құралдары мен халыққа хабарлау құралдары тоқтау шегінде тұр. Қаланың өртке қарсы қызметтері де осы себеппен жанар-жағармай материалдарымен тек 10% қамтамасыз етілген, ал тозған техника мен қондырғы 60 проценттен асады. Қалаға 1990 жылдан бастап жеке қорғаныс құралдары, химиялық барлау мен дизометрлік бақылау приборлары келмейді. Метқызметкерлер құрамаларының метжабдықтармен қамсыздандырылуы тиісті деңгейдің 50 проценттейін ғана құрайды. АҚ және ТЖ құрамаларының қажетті қондырғыларымен және механизмдермен жабдықтауға қаражат жоқ.

Министрлер Кабинетінің қаулысымен қарастырылатын орталықтандырылған Алматы қаласының экологиялық ахуалын сауықтыруға арналған күрделі қаражаттың жоқтығы улы және радиоактивті қалдықтардың ретсіз үйінділерінің пайда болуына алып келді. Осыған байланысты радиоактивті көздерді жинаудың аймақтық орталығын құру және Алматы қаласы үшін улы заттар қоймасын жасауға қаражат бөлу қажеттігі көкейкесті мәселеге айналды.

"Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы", "Азаматтық қорғаныс туралы", "Авариялық құтқару қызметтері және құтқарушылар мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының толық көлемде іске асуына осы себепті объективті қиыншылықтар туындауда.

Қатты жер сілкінісі салдарынан Қытайда, Жапонияда, Россияда, Иранда соңғы жылдары болған қайғылы оқиғалар біздерді, Мәслихат депутаттарын халықты қорғау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға міндеттейді. Бұл мәселе біздің аймақтағы жер сілкінісінің 100 жылдық айналасын және республиканың бүкіл халқының 10 процентінің қалада тұратындығын ескерсек, Алматы үшін маңызы ерекше. Бұған БОО Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 22 желтоқсандағы 90 жылдарды стихиялық апаттар қаупін азайту жөніндегі Халықаралық 10

жылдығы деп жариялауы да бағыттайды.

Алматы қалалық Мәслихатының депутаттары Сізге, құрметті Әкежан Мағжанұлы үндеу жолдай отыра осы мәселелерді Қазақстан Республикасы Үкіметінің оң шешетіндігіне сенім білдіреді.

1997 жылғы 23 мамырда I сайланған
Алматы қалалық Мәслихатының XIY
сессиясында қабылданды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК